

Жас Түркістан

қаңтар N 1/2003

Мұстафа Шоқайдың
шыққан тегін,
өскен ортасын зерттеуші
Болат ҚАЛЫМБЕТ
ақсақал



ҚАЙРАТ ТАНЫТҚАН ҚАЙРАТКЕРЛЕР

Мәкен УАҚ

ХАСЕН ҚОЖА-АХМЕТ

1990-жылдардың басында Алматыға барып, “Азат” қозғалысының жиындарына қатысқанымда, Хасен Қожа-Ахмет мінбеге шығып: “Сендердің бағдарламаларың Желтоқсан ұлттық-демократиялық партиясынан көшірілген” деген сындар айтып, көпшілікке көрінген еді. Дегенмен кейіннен Хасен де “Азат” қозғалысының жетекшілерінің бірі ретінде саяси сахнаға шыға бастады. Х.Қожа-Ахметтің Қызыл Империяның қылышынан қан тамған 1970 жылдары саяси көзқарастары үшін қуғын-сүргінге ұшырап, кейіннен 1986-жылғы Желтоқсан көтерілісінде де жазаланып, 4 жылға бас бостандығынан айрылғанын естіп, оқып білген соң, шындығында да оған қызыға әрі қызғана қараушы едім.

1991 жылы наурызда “Қайрат” қоры ашылғанда да бір ұлтжанды азаматтың осы қорға аударуын өтіне Хасенге аманат етіп тапсырған ақшасы есепшотқа келіп жеткен соң, кейін кездескенімде оған алғысымды айттым да. Қайрат Рысқұлбековтың Отанына келе алмағанымен, 1999-жылы 13 наурызда Халық қаһарманының туған күніне орай “Ер намысы – ел намысы” кітабының тұсаукесер рәсімі атап өтілген Қазақ мемлекеттік университетіндегі жиынға Хасекең келіп қатысып, өз ойларын ортаға салды. Хасен Қожа-Ахмет туралы ешқандай бөтен ой болған емес. Сондықтан да 1998 жылдың көктеміне салым Қайыргелді Күзембаевтың үйіне барып қалғанымда келіншегі Роза екеуі: “Біз, желтоқсандықтар, Хасенді “Халық қаһарманы” атағына ұсынып жатырмыз, “Қайрат” қорының жетекшісі ретінде сіз де қолдау көрсетпейсіз бе?” деген еді. Мен де мақұлдап қолымды қойғанмын.

Жалғасы. Басы өткен сандарда.

Жүре келе, Хасен Қожа-Ахметтің төңірегінде даудамай, айғай-шу шыға бастағанда алғашында сеніңкіремей таңырқап жүрдім. Хасеннің өзі басқаратын Ұлттық музыкалық өнер аспаптары мұражайының қысқартылған қызметкерлерінің ол туралы пікірлерін оқып, “Азаттық” радиосынан естіп аң-таң болсам, оңтүстік-қазақстандық Сейсенбай Ахметтің Х.Қожа-Ахмет туралы жазған мақаласын “Солдат” апталығынан оқып, одан сайын таңырқадым. Шындығына келгенде, белгілі бір азамат туралы әрдайым оң пікірде жүрсең, кейінірек ол туралы кереғар да, тосын ойларды естісең, өзіңе бір түрлі өзгеше әсер етеді екен.

Алматыға барған сапарымда, халқымызға танымал деген азаматтардың біразымен пікірлесіп қалғанымда, олар да Хасен туралы қынжыла да, ренжи өз пікірлерін білдірді. Меніңше, Хасен Қожа-Ахмет жоғарыдағы үкімет адамдарының алдауына түсіп қалған: “Үлкен қайраткерге айналдың. Желтоқсанды көтере беріп қайтесің, саған “Халық қаһарманы” атағын бергіземіз, көпшіліктен қол жина. Лауазымды қызметке ие боласың” дегендей оны жақсылап тұрып алдаусыратып қармаққа іліндірген сыңайлы. Бұрнағы жылдары Хасекең Назарбаевтың саясатын қолдап, коррупцияға қарсы Үкіметпен бірлесе күресті бастаймыз деген-ді. Сол үндеу қайда қалды?! Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті бастамас бұрын, ордалы аждаһалармен жалғыз өзі арыстандай арпалысып жүрген Теміртас Тілеулесовтей азаматты қолдап неге қол ұшын бермеске!?

Өз сөзіне сенсек, желтоқсандықтарды сол көтеріліске ұйымдастырғандай көрінген Хасен Қайрат, Ербол, Ләззат, Сәбира сынды боздақтардың қандарына келген тәуелсіздігіміздің барлық жемісі мен байлығын пайдаланып отырған жемқор, тоғышарлармен күресуді қалайша білмей отыр!? Бүгінде ырыңжырың, ырду-дырду болып, бастары бірікпей жүрген “желтоқсандықтарды” ұйымдастырып, халық игілігі жолында игі шаралар атқаруға болмас па еді!? Өкінішке орай, кейбір “Желтоқсан” қайраткерлері Халық қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтың қорын басқарғысы келіп, оның туыстарының құлақ-

тарын көтеруде. Бір жолыққанымда оларға: “Құдайға шүкір, Қайраттың рухын құрметтеу жолында көптеген шаралар атқарылды. Сендер Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев, Сәбира Мұхаметжановалардың аттарын шығарып, оларды Қайраттай халыққа танытуға неге ат салыспайсындар!?” дегенмін.

1996 жылы қарашада телефон желісімен Н.Назарбаевқа Алматыда Желтоқсан құрбандарына мұражай ашылса деген сауал тастаған едім. Оған Президентіміз оңды жауап бермеді. Өйткені бұл сауал Елбасымызға ұнамады. Себебі, мұражай болған соң Желтоқсан көтерілісіне қатынасты барлық деректі

құжаттар жинақталмай ма?! Сондай-ақ қайтыс болған боздақтар мен жазаланғандар мен жапа шеккендер де сұрыптала, сарапталып іріктелер еді. Халқына, болашақ

ұрпақтарға ақ ниетті адал жүрекпен қызмет етем десе, Хасен Қожа-Ахмет бастаған Желтоқсан қайраткерлері ең алдымен Алматыдағы мұражай орталығын қолға алулары керек еді.

“Қазақ әдебиеті” газетінің 2002 жылғы 7-желтоқсандағы санында Қуанбек Боқаевтың Хасен Қожа-Ахметпен “Тәуелсіздік жолында – жан құрбан” айдарымен көлемді сұхбат-мақаласы жарияланды. Осы газетті аудандық кітапханадан арнайы сұрап алып, асықпай оқып шықтым. Хасекеңнің айтуынша, Байқоңырдағы әскери бөлімшенің орыс офицерлерінен зәбір көрген ол қашып шығып, Алматыдағы Б.Момышұлына қорған сұрай барғанда оны Баукең генерал Бәйкенов дегенге ұстатқан көрінеді. Ойланарлық жайт.

Сұхбатының соңына таман Батырхан Дәрімбеттің “Азат” қозғалысынан АҚШ-тың “Азаттық” радиосына “алтын көрсе періште жолдан таяды” дегендей, ақшаға құнығып, тілшілік қызметке ауысты дегеніне өз басым келіспеймін. Ауылды жерде тұрғаныммен бірнеше жыл болды “Азаттық” радиосын үзбей тыңдап келемін. “Азаттық” АҚШ-тың радиосы емес, менің түсінігімше, халықтың, қалың жұртшылықтың мұң-мұқтажын жоқтай-

тын, талап-тілектерін көксейтін, басқалар айта алмайтын ащы шындықты бүкпесіз айта алатын радио. Шындығын айтқанымда “Азаттықты” үзбей тыңдағандықтан ресми газеттер мен теледидарға қарамаймын. Бәрі жасанды. “Азаттықтың” Алматы бюросындағы қызметкерлері арасында, әсіресе, Батырхан Дәрімбеттің еңбегі ерен болды. Оның тікелей өзі қалыптастырған “Тәуелсіздік талабы”, “Өзгерген дүниедегі Орталық Азия”, “Үкімет және оппозиция” хабарларын қалың оқырман асыға күтіп, сүйіп тыңдайтын. Басқа еңбектерін былай қойғанның өзінде Батырхан “Азаттық” радиосындағы қызметімен-ақ

қарапайым халыққа айтарлықтай пайда келтіреді.

Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан облыстарына 2001 жылы қазан айындағы жол сапарымызда Ба-

тырхан Дәрімбетпен оңаша қалған сәтті пайдаланып, Хасен Қожа-Ахметпен екеуінің ара қатынасының шиеленісіп бара жатқанының ұнамайтындығын, мүмкіндігі болса оның жіберген ағаттықтарын өзіне түсіндіре отыра татуласуларын отінген едім. Менімше, Х.Қожа-Ахмет пен Б.Дәрімбеттей қайраткер тұлғалардың бір-біріне жауығып, көре алмай жүрулері лауазымды үкімет басшыларына пайдалы да, қуанышты. Ал, халыққа, қалың жұртшылыққа, ұлтымыздың бірлігіне, татулығына орасан зор кесепатты зиян әкелмек.

2002 жылы 19 қаңтарда Алматыдағы Цирк үйінде болып өткен “Қазақстан демократиялық таңдауы” қоғамдық бірлестігі мен саяси партиялардың жетекшілері бірігіп өткізген жиынға қатынасып, халықтың, қалың жұртшылықтың сана-сезімдерінің ояна бастағанына көзім жетіп, шүкіршілік еткен едім. Елімізде бұрын-соңды болып көрмеген осындай алқалы жиын басталмай тұрып, М.Әуезов атындағы театр алдында Батырхан Дәрімбет ертеңіне өтетін “Азат” қозғалысының 5-съезіне қатысуға сол маңда жүрген Хасен Қожа-Ахметке шақыру қағазын беруімді өгінді. Қасында екі жолдасы бар Хасенге жиынға шақыру қағазын бергенімде: “Бұл

Отаршылдық пен империализм жер жүзінен жоғалады және олардың орнына ұлттар арасында ешқандай түс, дін және нәсіл айырмашылығын қадағаламайтын жаңа сипатты келісім мен іс бірлігінің дәуірі үстемдік құратын болады.

Атамүрік

жалған шақыру қағазы, жиналыс заңсыз өтейін деп жатыр, “Азаттың” басшылары бізбіз” деді.

Келесі күні түстен кейін, Халық емшілерінің орталығында өткен “Азаттың” съезіне Хасекең 5-6 жолдасымен келіп, көпшіліктің бас қосу жиынына қарсылық жасап бақты. Айтыс-тартыс, дау-дамай туғызуға әрекеттенгенмен жиналған көпшілік оларды қолдамады. Сондықтан кетуге мәжбүр болып, 7-8 облыстан келген “Азаттың” өкілдеріне Хасен Қожа-Ахмет өзінің кім екендігін танытып алды.

Осы бас қосуда сөз алған “Желтоқсан” қоғамдық бірлестігінің жетекшілерінің бірі Аманжол Нәлібаев: “1990 жылдарың басында Мұхтар Шаханов басқарған комиссияда мүше ретінде біраз жұмыстар атқарған едім. М.Шаханов бұрынғы МХК-нің басшысы В.М.Мирошникті шақырып жауап алғанда мен де жанында болдым. Сонда, Мұхтар Мирошникке: “Хасен Қожа Ахметов сендерге жұмыс істепті ғой, рас па? Сол жөнінде бізге жазып беріңіз” дегенде, Мирошник: “Егер жазбаша өтініш жасасаңдар, жазып беремін. Х.Қожахметовтің біздің мекемемен байланысы бар” деді. Бірақ М.Шаханов неге екені белгісіз МХК-не жазбаша өтініш бермей, бұл іс аяқсыз қалды” деп, ащы шындықты жер-жерден жиналған азаматтардың алдында паш етті.

СЕРІКБОЛСЫН ӘБДІЛДИН

1993 жылы шілденің соңына Қайрат Рысқұлбековтың Семей түрмесіндегі құпия өлімін зерттеуге орай жол сапарға шығып, Аягөз теміржол бекетіне аялдаған болатынмын. Ондағы мақсатым сол жерден 200 шақырымдай қашықтықтағы аудан орталығы Ақсуатқа автобуспен жету. Ақсуат — маған көмектесемін деген ақын Серік Жұматовтың ауылы. Автобус бекетінде Алматыдан келген қонақтар көп екен. Алғашқы автобусқа симай қалдым. Осы ауданның Қызыл Кесік деген аулында кезінде сол өңірдің атақты биі әрі батырларының бірі болған Би Боранбайға күмбез орнатылып, үлкен ас берілмекші көрінеді. Соңғы автобусқа әрең ілігіп, Ақсуатқа кешке қарай жеттім. Серік Жұматов та Боранбай тойына кетіпті. Тойдан оралған Секең сергек көңілмен амандасты. Асқа халықтың өте көп жиналғанын, бірақ қызмет

бабымен сол кездегі республика Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Серікболсын Әбділдиннің келе алмай қалғанын тілге тиек етті. Серікболсын ағамыз сол Қызыл Кесік аулында туып өсіпті. Мен Серіктен ол кісінің туыстары бар ма деп сұрадым. С.Жұматов ағайындарының бар екендігін білдірді. Бірақ жерлестері мен ағайындарының көбі С.Әбділдинге өкпелі көрінеді. Себебі ол кісі жерлестері тұрмақ етжақын туыстарының өзіне лауазымды қызметке орналасуға қол ұшын бермепті...

Сондағы Серік Жұматовтың айтқандары есіме түскенде, егер Серікболсын ағамыз таза жүрмей, жерлес-ағайындарына бұра тартып, Н.Назарбаевтай бәйбішесінен бастап күйеу балаларына дейін “майлы жілікті” ұстатып, төңірегіне топтастырғандай жағдай жасағанда, әлі күнге дейін Президентіміздің жанындағы “жұмсақ креслоға” ие болып отыратындығы айдан анық еді... Кейіннен, С.Әбділдиннің өзі айтқандай, Нүрекеңнің шақыруымен екеуі бір коньякты бөліп ішіп, бүкпесіз көңілді адал ниетпен Үнді еліне сапарға аттанады. Қайтып келсе Жоғарғы Кеңес төрағасының іс сапарда жүргенін пайдаланып, кешегі досы Парламентті таратып жіберіпті...

1994 жылдың көктемінде болу керек, Алматыдағы Демократтар үйіне бір жұмыспен бара қалсам, Серікболсын Әбділдин журналистермен баспасөз мәслихатын өткізіп жатыр екен. Мәслихат аяқталған соң Секеңмен сыртта 2-3 минут дидарласып, өзімді таныстырып, Қайрат Рысқұлбековтың құпия өлімі жайлы да айттым. Бірақ ол кісі көмектесе алмайтынын, уақытының тар екендігін айтты, асығыс қоштасты...

Бірте-бірте С.Әбділдин саясат көкжиегінде оқшаулана, даралана бастады. Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың ағаттықтарын ашық та дәлелді уәждермен сынаумен ерекшеленді. Кейінірек Коммунистік партияны ұйымдастырып, бас тізгінін өз қолына алды. 1999 жылы Президенттік сайлауда еш қаймықпай Назарбаевқа ашық қарсы шығып, оны жекпе-жекке, телеарнадағы пікірталасқа шақырды. Бірақ Нұрсұлтан Әбішұлы Серікболсын Әбділдиннен сескеніп, бұл жекпе-жектен бас тартты.

1999 жылғы сайлау әділ де шынайы демократиялық жолмен өткізілгенде С.Әбділдиннің Президент болып сайланып кетуі жағап емес еді.